zangazet@mail.ru
№12 (3740)
14 ақпан 2025

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚ АҚШАСЫ ҚАЙДА КЕТІП ЖАТЫР?

Еуропа асып жүрген жерлес көп. Мұхиттың ар жағына барып, АҚШ-тан несібе тапқандар аз емес. Кореяға барып кредитін жапқан қазақ жігіттерін де естіп жатамыз. Мұндағы себеп не? Бар мәселені елдегі жұмыссыздыққа жауып қоюға бола ма? Бір қызығы, бізде жұмыс жоқ не айлық төмен десек те, Қазақстанға қыдырып емес, жұмыс істеу үшін келетін өзге шетелдіктер де көп.

(Жалғасы 3-бетте)

МІНБЕР

ЖАҢА ЖОБАЛАР – САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЕМІСІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Үкіметіне цифрландыруды жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуді тапсырып: «Қазақстан цифрландыру мен жасанды интеллектіні жедел дамыту аймағына айналуы тиіс, бұл әлемде сапалы жаңа шынайылықтарды қалыптастырады. Бұл – біздің стратегиялық міндетіміз», – деген еді.

Осы негізгі міндеттер аясында Әділет министрлігі азаматтардың қаржылық және уақыттық шығындарын үнемдей отырып, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған «Digital Justice» жобалар портфелін іске асыруда. Соның ішінде жасанды интеллектіні қолдану қарастырылған.

Бүгінгі таңда заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі – «E-ZanKomegi» жұмыс істеуде, ол халыққа онлайн режимде білікті заң көмегін ұсынуға және алуға арналған. Бұл жүйе азаматтардың білікті заң көмегіне қолжетімділігін жеңілдетуге бағытталған. Оған 1 949 адвокат пен заң кеңесшісі қатысуда. 2023–2024 жылдары жүйе арқылы 88 738 іс қаралды, ал порталды 6 749 пайдаланушы қолданды.

Қазіргі уақытта «Құқықтық ақпарат қызметі» операторларымен «Бейнеқоңырау» функциясы іске қосылған, бұл азаматтарға тәулік бойы құқықтық кеңес алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Zan Komegi» мобильді қосымшасында құқықтық кеңес беру бойынша жасанды интеллект элементтері бар чатбот әзірленіп, тестілеуден өтіп, жетілдірілуде. Жасанды интеллектіні іске асыру мақсатында Әділет министрлігі заң қызметтерін көрсетуге арналған платформаларды әзірлеуге бағытталған IT ұйымдардың өкілдерінен (zan bar, iprav, ҚарМУ, ҚазҰТУ, ҚазҰУ және т.б.) жұмыс тобын құрды.

2024 жылдың тамыз айында Әділет министрлігі Республикалық жеке сот орындаушылар палатасымен бірлесіп, «Робот сот орындаушы» пилоттық жобасын іске қосты. «Цифрлық сот орындаушы» келесі артықшылықтарға ие:

Біріншіден, сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мен оған бару шығындары алынып тасталды, себебі барлық әрекеттер автоматты түрде жүзеге асырылады.

(Жалғасы 4-бетте)

IX ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ

БАЙРАҚТЫ БӘЙГЕДЕГІ ОЛЖАМЫЗ ОРТАЙМАСЫН!

Қытайда өтіп жатқан IX Қысқы Азия ойындарында Қазақстан қазір жалпыкомандалық есепте 4-орында келе жатыр. Бүгінгі таңда жарысқа қатысып жатқан 34 елдің ішінен тек Қытай, Корея, Жапония, Қазақстан, Өзбекстан, КХДР, Тайпей мен Тайланд құрамаларының қоржынында медаль бар.

Қазақстан бұл байрақты бәсекеге бағдарламадағы 11 спорт түрінің 10-ынан 137 спортшы апарған болатын. Атап айтқанда конькимен жүгіруден -19, шорт-трек, шаңғы жарысы мен керлингтен – он екіден, биатлоннан – 10, тау шаңғы спортынан – 8, фристайлдан – 7, мәнерлеп сырғанаудан – 6, ски-альпинизмнен – 5 және шайбалы хоккейден – 46.

13 ақпанға дейінгі есеп бойынша спортшыларымыз 5 спорт түрі бойынша 3 алтын, 7 күміс, 6 қола жүлдеге ие болды. Атап айтқанда конькимен жүгіруден – 1 күміс, 1 қола; шорт-тректен – 1 алтын, 2 күміс; шаңғы жарысынан – 2 күміс, 2 қола; фристайлдан – 1 алтын, 1 күміс, 2 қола; биатлоннан – 1 алтын, 1 күміс, 1 қола алдық. Бұдан бөлек кеше керлингтен Гонконг спортшыларымен ерлер мен әйелдер арасындағы топтық кезең, ерлер арасында іріктеу кезеңі мен жартылай финал ойындары өтті. Биатлоннан эстафеталық жарыс, шайбалы хоккейден Қытай спортшыларымен әйелдер командасы мен ерлер командасы финалдық ойындар өткізді. Сондай-ақ мәнерлеп сырғанаудан Михаил Шайдоров, Диас Жиренбаев, Софья Самоделкина мен София Фарафонова еркін бағдарлама бойынша сайысқа түсті. Ал бүгін хоккей мен керлингтен ең соңғы медальдар жиынтығы сарапқа салынады. Яғни, құрама қоржынына спортшыларымыз тағы бірнеше медаль саларына күмәніміз жоқ. Бұл еліміздің IX Қысқы Азия ойындарында жалпыкомандалық есептегі 4-орнын сақтап қалуына толық мүмкіндік береді.

2022 жылы Қытайда өткен Қысқы Олимпиада ойындарында жалпыкомандалық есепте Қытай – 3, Жапония – 12, Корея – 14 орын алған болатын. Сол себепті бұл жарыста Қазақстанның үздік үштікке кіре алмауы кейбір жанкүйерлер айтып жатқандай спорттағы көрсеткішіміздің кері кеткені деу қате тұжырым.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

5-бет

Аралдың ахуалы қайтсе түзелмек?

6-бет

Жас ерекшелігі жауаптылықтан босатпайды

8-бет
Сынбас семсер


ПӘРМЕН

ЗАҢСЫЗ СОТ АКТІЛЕРІНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Сот жұмысының сапасы, оның әділдігі мен ашықтығы барлық мемлекеттің демократиялық дамуының басты факторы. Демек, сот жүйесін заман талабына сай жаңғыртып, заманауи тетіктерді кеңінен пайдалану әрқашан да өзекті. Сондықтан, елімізде сот төрелігіне қатысты ауқымды реформалар жалғасуда.

Биылғы шілде айынан бастап елімізде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерге мамандандырылған кассациялық соттар жұмысына кіріседі. Дербес кассациялық соттар сот билігінің тәуелсіздігін нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар, ҚР Жоғарғы Сотының бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастырумен айналысу, Жоғарғы Сот төрағасының өкілдік институтын ауыртпалықсыз жою мүмкіндігін ұлғайтады. Яғни, Жоғарғы Сот өзінің функциясында сот тәжірибесін зерделеу мен қорытындылауға, сондай-ақ құқықтық татуласудағы заңдылықты қамтамасыз етуге басымдық береді.

Кассациялық шағымдар бойынша азаматтар бұрын сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттармен жүгінсе, жаңа ережеге сәйкес, енді олар сотқа кассациялық шағымдарын тікелей бере алады. Шағымдар іске қатысушыларды шақырта отырып қаралады. Сот өндірісінің барлық түріне бірыңғай кассациялық қадағалау тәртібі енгізілді, соған орай істер алты ай ішінде қаралып бітуі тиіс. Конституциялық заң кассациялық сатыдағы соттардың өкілеттігі мен құрылым-құрамын, осы соттардың судьялары мен төрағаларына қойылатын талаптарды бекітті.

Кассациялық соттың негізгі қызметі мен рөліне келсек, заңды күшіне енген сот актілерін қарайды. Оның апелляциялық тәртіптен айырмашылығы, жаңа фактілерді анықтамайды, сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігіне көңіл бөледі. Бұдан әрі нақтыласақ, кассациялық сатыдағы сот заң нормаларының дұрыс қолданылғанын, төменгі саты соттары қорытындыларының іс материалдарына, белгіленген фактілерге сәйкестігін, барлық дәлелдеменің объективті түрде қаралғанын тексереді.

Бұған қоса кассациялық соттың негізгі міндеттерінің біріне республика көлемінде заңдарды біркелкі түсіндіру мен қолдануды қамтамасыз ету кіреді. Осы арқылы сот жүйесінің әділдігін сақтауға ықпал етеді. Кассациялық соттың азаматтар мен заңды тұлғаларға заңсыз сот актілерін қайта қараудың соңғы мүмкіндігін беруі олардың Конституциямен айқындалған құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Өйткені, аудандық немесе облыстық соттар деңгейінде жіберілген сот қателеріне, атап айтқанда, дәлелдемелерді дұрыс бағаламауға, заңды дұрыс қолданбауға немесе іс жүргізу нормаларын бұзуға жол бермейді.

Кассациялық шағым апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін беріледі. Ұлттық сот жүйесінде тараптар шағымдана алатын соңғы орган болғандықтан, кассациялық сот шағымдарды істегі бар дәлелдемелердің негізінде қарап, бұрын шығарылған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тексереді. Кассациялық сот төменгі соттың шешімі өзгеріссіз қалдыра, сондай-ақ, заң бұзушылықтар анықталған жағдайда сот шешімінің күшін жойып, өзгерте алады. Істі жаңадан қарау үшін төменгі сотқа жібереді.

Кассациялық сотты құрудағы мақсат – заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қарау арқылы әділ сот төрелігін қамтамасыз ету және азаматтардың құқығын қорғау болғандықтан, ол сот төрелігінің бұрмалануын түзетуде және заңдарды қолданудағы біркелкілікті сақтауда басты рөл атқарады. Бұл тұрғыда Республика судьяларының IX съезінде соттардың қызметін одан әрі жетілдірудегі басым міндеттерге назар аударған Президент: «Кассациялық соттардың дербестігі азаматтарымыздың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең бастысы, бұл әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал етеді» деген болатын. Мұндай реформалар сот жүйесінің құрылымын өзгертумен қатар, Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды жаңғыртуда маңызды қадам саналады.

Серік ДЖУМАБАЕВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

БАСТАМА

Жаңа бастамалар қоғамды алға жылжытады. Азаматтар игілігіне қызмет етуге бағытталған бұл жобалардың артықшылығы аз емес. Сондай іргелі жаңашылдықтың қатарына «Робот сот орындаушы» немесе «Цифрлық сот орындаушы» жобасын қосуға болады. Бұл ізгілікті жобаның жүзеге асуына еліміздің Әділет министрлігі мұрындық болғаны белгілі.

«ЦИФРЛЫҚ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР» ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ

Берікбол СӘМЕНОВ, Алматы облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары

2024 жылдың тамыз айынан бастап тәжірибеге енгізілген «Цифрлық сот орындаушылар» азаматтардың қаражатын үнемдеуге мүмкіндік беруді мақсат еткен еді. Міне, бұл жобаның қолға алынып, тәжірибеге енгізілгеніне де алты айдан аса уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қол жеткізілген нәтижелер Әділет министрлігі іске қосқан бастаманың шын мәнінде халыққа керек екенін дәлелдеп отыр.

Азаматтардың ақшалай міндеттемесін төмендету, әділет органдарының жұмысын одан әрі цифрландыру бағытындағы шаралардың қоғамға берері көп. «Цифрлық сот орындаушының» қолданысқа енуіне де Президент жүктеген тапсырмалар негіз болған еді. Бұл жаңашылдықтың тиімділігі неде? Бұрын берешегін уақытылы өтемеген азаматтар қарызын қайтарумен бірге, жеке сот орындаушының қызметі үшін қосымша 25% қаражат төлеуге мәжбүр болған. Цифрлық сот орындаушы жобасының іске қосылуы осы шығындардың алдын алып, жеке сот орындаушы қызметіне жүгінуден құтқарды. Мәселен, 20 АЕК-ке дейінгі сомадағы оңайлатылған өндіріске азаматтар «eGov mobile»-ден іс туралы жан-жақты ақпараты бар 1414-тен SMS хабарламалар мен push-хабарламалар алады. Халыққа ыңғайлы болу үшін барлық қамтамасыз ету шарасын автоматты түрде алып тастай отырып, берешекті онлайн төлеу қолжетімді болды. Осылайша, адами фактор толығымен жойылған еді.

Алты ай ішінде жаңа жобаның тиімділігіне халықтың көзі анық жетті. Себебі, өз қарызын дер кезінде қайтарған азаматтар жеке сот орындаушысына жүгінбегендіктен, олардың қызметіне төлейтін шығынан босатылды. Цифрлық сот орындаушы берешек туралы хабарламаны 1414 бірыңғай операторына SMS хабарлама жіберу арқылы, EGov Mobile жүйесіндегі push-хабарлама арқылы жіберетіндіктен, жеке сот орындаушылардың да жүктемесі әлдеқайда жеңілдегенін айта кеткеніміз жөн.

Жаңа жоба сот орындаушыларымен байланысу қажеттілігін болдырмайды, барлық әрекеттер онлайн режимінде жүргізіледі және өндірісті тоқтату, жеке шоттарына тыйым салуды алып тастау үшін түбіртектер мен басқа да растайтын құжаттарды ұсынудың қажеті жоқ. Атқарушылық іс жүргізу саласын цифрландырудан басқа, жоба азаматтарға жылына шамамен 5 млрд теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді.

Халықтың игілігі үшін жасалған мұндай цифрлық жобалар Әділет саласында әлі де жалғасын таба берері анық.

КӨЗҚАРАС

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРҒА ЖҮКТЕЛЕР ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ

Құқықтық, зайырлы мемлекеттегі әділдік пен туралықтың кепілі – сот. Осы межеден көрінуі үшін сот құрылымы үнемі жаңғыру, жаңару сатыларынан өтуде. Саланы жетілдіру мақсатында қолға алынған реформалардың нәтижесі де халықтың ойынан шығып келеді.

Бауыржан АЙЖАРЫҚҰЛЫ, Қармақшы аудандық сотының аға сот приставы

Жаңа бастамалардың қолға алынуына азаматтардың ұсыныс-пікірлерінің түрткі болатын кезі көп. Мысалы, биылғы жылдың шілде айынан бастап жұмысын бастағалы отырған дербес кассациялық соттардың құрылуына да азаматтардың ұсыныс-тілектері ықпал еткен еді. Бұған дейін тәжірибеде қолданылған «таңдап қарау кассациясы» көпшіліктің өкпе-ренішін тудырғаны шындық. Өйткені, істердің кассациялық сатыда таразыға салынуы құжаттарды сараптаған бір судьяның пікіріне, сондай-ақ заңдық шектеулерге байланысты болды. Соның салдарынан статистика бойынша бүгінгі күні кассацияда өтініштердің шамамен 5 пайызы ғана қаралып келді. Кассацияның жаңа моделінде осы кемшілікті болдырмаудың тетіктері ескерілген. Сәйкесінше енді «жаппай қарау кассациясы» енгізіліп, істерді қараудың көрсеткіші 100% болмақ. Мұндай тәсіл әркімнің өз ісін үш сот сатысында: бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыда қарау құқығын толық қамтамасыз етеді. Дербес кассациялық соттардың жұмыс істеу тәртібі «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сай реттелген. Осы заңға орай «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына өзгерістер енгізілді. Бұл реформа әділетті сот жүйесін күшейтіп, азаматтардың құқығын қорғауды жақсартуға бағытталған.

Бастама Жоғарғы Соттың жұмысына ғана өзгеріс енгізіп қоймай, сонымен бірге штат санын 35 судьяға дейін қысқартуды көздейді. Қазақстан Республикасындағы кассациялық сот кассациялық іс жүргізу тәртібімен заңды күшіне енген сот шешімдері мен актілерін қайта қарауды қамтамасыз ете отырып, сот төрелігі жүйесінде шешуші рөл атқаруымен құнды болып отыр. Кассациялық соттың негізгі міндеті белгілі, ол төмен тұрған соттардың жіберген қателіктерін түзетуге және елдің барлық аумағында заңдардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Апелляциялық тәртіптен айырмашылығы, кассациялық іс жүргізу іс бойынша жаңа фактілерді анықтауға емес, сот шешімдерінің заңдылығы мен дұрыстығын тексеруге негізделеді. Сонымен бірге, 1 шілдеден бастап жұмысына кіріскелі отырған жаңа кассациялық соттар құқық нормаларының дұрыс қолданылғанын, төменгі сатыдағы сот қорытындыларының іс материалдары мен белгіленген фактілерге сәйкес келуін тексереді. Еліміздің барлық аумағында заңдарды біркелкі түсіндіру мен қолдануды қамтамасыз ету де жаңа соттардың құзырында. Осындай ауқымды міндет, жауапты жұмыс жүктелген кассациялық соттардың еліміздегі әділдікті нығайтып, халықтың сотқа деген сенімін арттырары талассыз.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ

ҚОҒАМ ДАУЛАСУ ЖОЛЫНДА ЕМЕС, ДАМУ ЖОЛЫНДА БОЛУЫ КЕРЕК

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде соттан тыс дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде медиация институты кеңінен қолданылуда. Әсіресе, азаматтық, отбасылық, еңбек және қаржылық дауларды реттеуде бұл әдістің тиімділігі дәлелденген.

Қазақстанда да медиацияның құқықтық негіздері қалыптасып, дамып келеді. Дегенмен, медиацияны қолдану аясын кеңейту және халыққа оның артықшылығын түсіндіру әлі де өзекті мәселе болып отыр.

АҚШ, Канада, Ұлыбритания және Германия сияқты елдерде медиация рәсімі сот жүйесінің маңызды бөлігіне айналған. Мәселен, АҚШ-та істердің 90%-дан астамы сотқа жетпей, татуластыру арқылы шешіледі. Бұл уақыт пен қаржыны үнемдеуге ғана емес, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға да мүмкіндік береді. Германияда соттар тараптарды алдымен медиацияға жіберіп, тараптардың өзара келісімге келуін ынталандырады. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін де маңызды үлгі бола алады.

Қазақстанда медиацияны дамыту бойынша бірқатар қадам жасалғанымен, оны кеңінен қолдануға кедергі келтіретін мәселелер бар. Соның бірі – екінші деңгейлі банктердің медиация рәсімін қолдамауы. Азаматтардың банкпен байланысты дауларын сотқа жеткізбей шешу мүмкіндігі шектеулі. Бұл борышкерлер мен қаржы ұйымдары арасындағы қатынасты реттеуде маңызды құрал болар еді. Банктердің медиацияны қолдануға бей-жай қарауы қарыз мәселелерін сот арқылы ғана шешуге мәжбүрлейді, бұл өз кезегінде соттардың жүктемесін арттырады. Сонымен қатар, халықтың медиация туралы хабардарлығы төмен деңгейде қалып отыр. Көптеген азаматтар мен кәсіпкерлер медиацияның артықшылықтарын білмегендіктен, бұл рәсімді таңдауға құлықсыз. Осыған байланысты, ақпараттық жұмыстарды күшейту, медиацияның тиімділігін түсіндіретін кең ауқымды шараларды ұйымдастыру маңызды.

Еліміздің әр аумағында мемлекеттік мекемелерде, әкімдіктерде, ассамблея, неке сарайында, кәсіподақтар үйінде медиация кабинеті ашылды. Бірақ ол кабинеттердің есігі ашық тұратын күн сирек. Егер бұл орындардан азаматтар өз дауын татуластыру арқылы шешіп, қол алысып шығып жатса, қоғам дауласу жолында емес, даму жолында болар еді. Медиация – дауды шешудің тиімді әрі өркениетті жолы. Оның дамуы сот жүктемесін азайтып қоймай, тараптардың да ұзаққа созылатын сот процесінен шаршамауына мүмкіндік береді. Қазақстанда да бұл тәжірибені кеңінен енгізу үшін құқықтық тетіктерді жетілдіріп, халық арасында түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу қажет.

Дауды шешудің ең жақсы жолы – оны бейбіт түрде реттеу. Барша азаматтарды, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерін медиация рәсімдерін қолдануға белсенділік танытуға шақырамыз. Бұл – келісім мәдениетін қалыптастырудың, қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың маңызды қадамы.

Айнагүл УСЕРБАЕВА,
Бейнеу аудандық сотының судьясы

ПАРЛАМЕНТ

СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІП ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ МАҢЫЗДЫ

Елімізде өрт пен өнеркәсіптік қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс және сейсмикалық қауіпсіздік саласындағы жекелеген талаптар күшейтілмек. Олардың бірі биіктігі 28 метрден асатын ғимараттар мен адамдар жаппай жиналатын объектілерге қатысты. Бұл орындар құзырлы орынның өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындысыз пайдалануға берілмейтін болады.

Парламент Мәжілісінде бірінші оқылымда мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының негізгі жаңалығы осы болып отыр. Заң жобасының мақсаты – өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ халық пен аумақты төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған заңнаманы жетілдіру.

Жаңа құжатты депутаттар алдында қорғаған Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің айтуынша, бұл талаптар соңғы жылдары адамдар жаппай жиналатын объектілер мен биік ғимараттарда өрт нормаларын сақтамай салу жағдайларының жиілеп кетуі, осының салдарынан өрттердің орын алуы мен адам өліміне әкелу шегі ескеріліп айқындалды. Сондай-ақ жаңадан жобаланатын Хан Шатыр, ЭКСПО сияқты құрылысы ерекше объектілерге қатысты арнайы техникалық шарттарды келісу нормасы енгізілуде.

Өрттен қорғау жүйелерін орнату бойынша азаматтарға сапалы қызмет көрсету мақсатында, осындай қызмет көрсететін ұйымдарға жекелеген талаптар қойылады. Яғни, олардың тиісті білімдері мен қажетті жабдықтары болу керек. Тек осындай талаптарға сай келетін ұйымдарға ғана рұқсат берілмек. Адамдар жаппай жиналатын объектілерді сақтандыру жүйесі де енгізілуде. Бұл ірі объектілердегі өрт қауіпсіздігінің деңгейін арттырады және зардап шеккендерге келтірілген залалды өтеуге мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікке қатысты министр жабдықтардың тозуы өндірістегі авариялардың негізгі себебі болып отырғанына назар аударды. Шыңғыс Сайранұлының айтуынша, бүгінгі таңда жабдықты ауыстыруды көбінесе қысқа мерзімде қайта қаржыландыруға мүдделі емес объекті иелері өздері жүзеге асырады. Сондықтан технологияларды, құрал-жабдықтарды және жұмыс әдістерімен бірге, қайта жабдықтау процесін тиімді ұйымдастыру үшін, министрлікке қауіпті өндірістік объектілерді жаңарту мен техникалық қайта жабдықтаудың жиынтық жоспарын келісу өкілеттігі беріледі.

Сонымен қатар, «мұнайдың төгілуін жою бойынша уәкілетті органның теңіз ұйымы ұғымы» енгізілуде. Былтыр министрлік «Теңіз жасағын» құрды. Оның функциялары – Каспийде теңіз мұнай операцияларын жүргізетін инфрақұрылым объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл шаралар өндірісте авариялар мен инциденттердің туындауын азайтуға мүмкіндік береді.

Жыл сайын елімізге келетін туристердің саны артуда. Бұл үрдіс олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін алға қояды. Өйткені, өткен жылғы статистика бойынша тек таулы жердің өзінде жүзден астам іздестіру операциясы жүргізілді. Бұл ретте туристердің тұрған жері анық болмағандықтан, іздеу жұмыстары қиындайды. Осыған байланысты туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға уақытылы көмек көрсету бойынша жекелеген нормалар енгізілуде. Мәселен, министрліктің аумақтық органдарына азаматтардың алдағы жүріп-тұру бағыттары туралы хабардар ету тәртібі және жетуі қиын туристік орындар тізбесі айқындалатын болады.

Сейсмикалық аймақтағы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де жаңа жүйелі тәсілдер енгізілді. Атап айтқанда, министрлік пен жергілікті атқарушы органдарға сейсмикалық қауіптілікке бағалау жүргізу өкілеттігі беріледі. Мұнда халықты жер сілкінісінен қорғау және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шаралар көзделеді. Сонымен қатар министрлікке сейсмикалық, сел және көшкін қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қала құрылысы жобаларын келісу бойынша функция беріледі.

Жалпы, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылған Төтенше жағдайлардың алдын алу комитетіне орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға қатысты төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі бақылау функциялары беріледі.

Азаматтық қорғаныс бойынша да жекелеген нормалар көзделген. Қазіргі уақытта азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының бір бөлігі жекеменшікте. Оны пайдалануды жеке меншік иелері өздері басқарады. Оларды есепке алу тәртібін белгілеу үшін құқықтық кадастрда жеке жылжымайтын мүлік объектісі ретінде құрылыстарды тіркеу енгізіледі. Сондай-ақ, «ең қарапайым жасырын паналар» деген жаңа ұғым енгізілуде. Бұл халықты қорғау мақсатында арнайы жабдықталған жерасты паркингтері мен жертөлелер.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың тиімді жүйесі үшін заң жобасында бірқатар қосымша механизмдер көзделген. Мәселен, жаһандық және өңірлік ТЖ кезінде тұрақты жұмыс істейтін Республикалық жедел штаб құрылуда. Оның негізгі функциялары – төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою жөніндегі шараларды әзірлеу, орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ іс-шаралардың орындалуын бақылау.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері кеңейтілуде. Бұл объектілік масштабтағы төтенше жағдайларды жариялау. Дала өрттерін сөндіру жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде. Осыған байланысты оларға дала өрттерін сөндіруге қатысушыларды материалдық-техникалық жағынан (ЖЖМ, тамақтану, медициналық көмек) қамтамасыз ету бойынша функциялар беріледі. Сондай-ақ оларға халықты төтенше жағдайлар кезіндегі алғашқы іс-қимылдарға үйрету үшін орталықтарды жартылай жабдықтау жүктелген.

Негізгі бағыттардың бірі – азаматтық қорғау қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту. Бүгінгі күні азаматтық қорғау қызметкерлеріне тұрғын үй өтемақысы және қызметі бойынша басқа өңірге көшкені үшін қосымша ақы төленбейді. Бұл төлемдерді белгілеу қызметкерлерге, әсіресе жылжымайтын мүлік құны қымбат өңірлерде тұрғын үй шығындарын өтеуге көмектеседі.

Ерікті өртке қарсы құрылымдар елді мекендердегі қауіпсіздікті арттыруда маңызды рөл атқарады. Құжатта бұл мәселе де ескеріліп, аталмыш ұйымдарды материалдық ынталандыру шаралары қарастырылған. Бұл жарақат алған және қайтыс болған кезде төлемдер белгілеу, өрт сөндіруге қатысқанда жалақысын сақтау және негізгі еңбек міндеттерінен босату секілді мәселелерді қамтиды.

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚ АҚШАСЫ ҚАЙДА КЕТІП ЖАТЫР?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Басқасын айтпағанда, әсіресе, оңтүстік өңірлерде базар тола өзбек пен қырғыз ағайын. Орыс, түрік, әзірбайжан жұрты да бізде жүріп бизнесін дөңгелетуде. Айтпақшы, жылы көктемнің басында құрылысқа келіп, қыстың қақаған суығы түскенше қарекет қылатын өзбектер шоғыры жыл сайын көбеймесе, азайған емес.

Қазақстаннан ақша тауып, өз еліне тасып жүргендер жайлы аз-кем дерек айтсақ. Мемлекеттік кірістер комитетінің дерегіне сүйенсек, Орталық Азиядағы үш мемлекеттің азаматтары біздің елімізден үш жыл ішінде 136 млрд теңге табыс тауыпты. Былтыр Өзбекстанға шет елдерден түскен ақша аударымдарының көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 30%-ға артып, 14,8 млрд долларға жеткен. Өзбекстан Орталық банкінің мәліметінше, қаражаттың басым бөлігі Ресейден (11,5 млрд доллар) түссе, қалған ақшаны Қазақстан (795 млн доллар), АҚШ (577 млн доллар), Оңтүстік Корея (534 млн доллар), Түркия (405 млн доллар), Ұлыбритания (135 млн доллар) және басқа мемлекеттерде жұмыс істеп жүрген ала шапандылар аударыпты.

Gazeta.uz басылымы өз жазбасында өзбек жұмысшыларының Қазақстанда артып бара жатқанын көрсетеді. Мысалы, былтыр жыл басында бізде 196,8 мың Өзбекстан азаматы жұмыс істепті. Ал жыл соңына қарай олар 322,7 мыңға көбейген. Өзбекстандық еңбек мигранттарының Ресейдің орнына Қазақстанды таңдауына бірден-бір себеп – көрші елдегі соғыс жағдайы һәм біздегі ішкі тұрақтылық. Енді биыл да Қазақстаннан ақша тауып, өз еліне ақша аударатын өзбектің саны көбеймесе азаймай тұр.

Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша былтыр Қазақстанның еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейі 4,6% құрапты. Сонда 300 мыңнан аса өзбек неге келді және 795 миллион долларды олар қалай тапты деген заңды сұрақ туады.

Сарапшылар мұның бірнеше себебі барын айтады. Біріншіден, біздегі жалақы көлемі ол жаққа қарағанда әлдеқайда жоғары. Екіншіден, Қазақстанда құрылыс, ауыл шаруашылығы, жол жөндеу сияқты салаларда жұмысшы тапшылығы бар. Бұның барлығында да көбіне осы елдің өкілдері жүреді. Үшіншіден, біздегі жұмыс ұсынушыларға тиімді болып тұрған жайт бар. Ол – өзбек жұмысшыларының жергілікті еңбек нарығына қарағанда төмен жалақыға келісе беретіні. Сондай-ақ жұмыс берушілер де өзбек азаматтарының жұмысты сапалы әрі уақытында бітіріп, өздерімен де тез тіл табысатынын жиі айтады. Осылайша жыл он екі ай ақша табам деп келген қай өзбек те өз жұмыстарын күннің қай мезгілінде істесе де тез бітіріп, келіскен пұлын алып қайтады.

Қазақтың қара жұмыс істейтін азаматтары жоқ деуге аулақпыз. Өз шаруасына ұқыпты жігіттер жетерлік. Бірақ біздегі көзқарас – өзбектердің құрылыс пен өзге де шаруаны жетік білуіне байланғандай. Расымен де Астана мен Алматы сынды мегаполистерден бөлек, өзге өңірлердегі құрылыс алаңдарында немесе жеке баспана салушы жерлестеріміздің маңайында осы көрші ел азаматтары жүреді. Яғни, Өзбекстанда ер азаматтардың басым көпшілігі тас қалаудан бастап, сылақ, бояу, әрлеу жұмыстарына дейін жақсы меңгергенін ескерсек, олар клиенттің талабынан шығады. Ал жергілікті жұмысшылар ше? Тағы да жұмыс ұсынушылардың сөзімен айтсақ, олар көбіне жоғары жалақы талап етеді. Екіншіден, жоғарыда айтқандай, тас қалаушы немесе сылақшы, ұста мен әрлеуші сияқты білікті мамандар бізде аз.

Өзбек жұмысшыларының бізде көбеюінің тағы бір сыры бар. Олар көбінесе таныс арқылы жұмыс табады. Тиянақты қызметіне риза болған Қазақстан азаматы жұмысшы іздеп жүрген келесі бір туысы не әріптесіне оларды таныстырады. Солай олардың біздің нарықтағы орны белсенді бола түседі. Бұл жерде тек өзбек азаматтары ғана емес, қырғыз, тәжік жұмысшылары да осы салада тәжірибелі екенін айтпасқа болмайды.

Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» жарияланды. Мемлекет басшысының атаулы жылға мән беруінде бір ой жатқандай. Расымен де жұмысшы мамандардың елде аз болуы шетелдіктердің көбеюіне әкелгендей. Әрі сол арқылы олар біздегі мол қаржыны әкетіп, өз мемлекетінің қазынасын толтыруға үлес қосып отыр.

Мамандардың пікірінше, бүгінде құрылыс пен өнеркәсіп саласында шетелдік жұмыс күшіне тәуелділікті азайту үшін бірнеше маңызды қадамдар керек. Олар құрылысшыларды даярлау жүйесін жетілдіріп, арнайы колледждер мен техникалық мамандықтар бойынша оқыту сапасын арттыру қажеттігін айтып отыр.

«Атаулы жылды пайдаланып, әр өңір басшылығы ауыл не қалада болсын, нағыз тапшы мамандықты дайындайтын қысқа мерзімді курстар ашса деймін. Қазір ауылда трактор, комбайн жүргізетін механизаторлар тапшы. Көбі зейнетке шықса да осы жұмыста жүр. Басқа ауыл шаруашылығы техникаларын тізгіндейтіндер қатары сиреген. Қаладағы үлкен құрылыста да кейбір мамандық тапшы дегенді естиміз. Мемлекет құрылыс пен кәсіптік оқу саласына грантты көп бөліп, жастарды ынталандырып, түрлі жеңілдік қарастырса екен. Тиісті құрылымдар қай мамандыққа сұраныс басым екенін зерттеп, мұны қолға алса», – дейді еңбек ардагері Жұмасейіт Нұрбаев.

Сала ардагерінің айтуынша, мемлекет тарапынан ірі өндіріс орындары мен құрылыс компанияларындағы жұмысшылардан бастап, күнделікті аяқ киім тігетін еңбек адамына дейін лайықты баға берілсе ғана олардың қоғамдағы орны биіктей түспек.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ТУРИЗМ

«ALMATY THROUGH AMERICAN EYES» ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

2023 жылы АҚШ-тың travel-журналистері мен фотографтары үшін Алматы қаласында және оның айналасында баспасөз туры ұйымдастырылған. Онда Американың саяхат жайлы жазушылар қоғамының (SATW) мүшелері еліміздегі басты тарихи және туристік бағыттармен, гастрономиямен танысты. Олар Қазақстанға жасаған сапары туралы әсерлерін баяндауды жөн көрген екен. Бұл шетелдік оқырмандарға Қазақстанға американдықтардың көзімен қарауға мүмкіндік береді.

«Табиғаты мен мәдениеті бай және бейбіт Қазақстанның бір бұрышын аралау және зерттеу үлкен қуаныш! Мен бұл ел туралы алғаш рет мектепте «Дүниежүзі тарихы» курсында білдім. Жоғары сыныпта оқып жүргенде Қазақстанға келу мүмкіндігіне ие боламын деп ешқашан ойламаған едім. Кітаптағы мақалалар мен фотосуреттер – осы тіршілігі қайнаған қала мен көркем ел туралы әсеріміз бен жылы естеліктеріміздің көрінісі», – дейді мақала авторларының бірі Дэвид Ланг.

Басылым еліміздің 5 мәдени ерекшелігін көрсетеді: жеті атаға деген құрмет, ежелгі рәсімдерге деген сенім, киіз үйлердегі этикет, шахмат ойнау мәдениеті және құстарды аң аулауға үйрету өнері. Онда авторлар Қазақстанның мәдениеті, табиғаты мен дәстүрлері туралы баяндап, өзіндік ерекшелігі мен бай мұрасын көрсетуге талпынған.

Алматыға саяхат шетелдік қонақтарға Қазақстанның гастрономиясымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. Олар жергілікті тағамдардың алуан түрлілігін, жергілікті тұрғындардың қонақжайлылығын ерекше атап өтті. Шарын шатқалы, Қайыңды көлі және Көктөбедегі The Beatles мүсіні саяхаттың жарқын сәтіне айналған.

Осы арада Американың саяхат жайлы жазушылар қоғамы (SATW) Kazakh Tourism компаниясымен 2019 жылдан бастап ынтымақтастық орнатқанын айта кеткен артық болмас.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

ЖАҢА ЖОБАЛАР – САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЕМІСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екіншіден, хабарламаны жеткізу және оқу тіркеледі. Мәселен, 20 АЕК-ке дейінгі өндіріп алу басталғаннан кейін, Робот борышкерге жеңілдетілген өндіріс туралы толық ақпаратпен бірнеше арна арқылы хабарлама жіберіледі (1. 1414 нөмірінен SMS хабарлама, 2. EGov Mobile-дағы push-хабарлама).

Үшіншіден, роботтың жеке сот орындаушылардан (ЖСО) айырмашылығы – қарыз сомасының шегінде тек бір ғана банк шотына тыйым салады, ал ЖСО барлық шоттарға тыйым салады.

Төртіншіден, азаматтардың ыңғайлылығы үшін берешекті онлайн төлеу мүмкіндігі қарастырылған, төлем жасалғаннан кейін барлық шектеулер (арестер) автоматты түрде алынып тасталады. Осылайша, адами фактор толықтай жойылады.

Бесіншіден, бұл жоба сот орындаушыларымен байланысуды қажет етпейді, барлық процесс онлайн жүзеге асырылады, ал өндірісті тоқтату және арестерді алып тастау үшін түбіртектер мен өзге де құжаттарды ұсынудың қажеті жоқ. Атқарушылық іс жүргізу саласын цифрландырудан бөлек, жоба азаматтарға жылына шамамен 5 млрд теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұрын берешекті уақытында өтемеген жағдайда, азаматтар жеке сот орындаушысына айыппұл сомасының 25%-на дейін қосымша төлеуге мәжбүр болатын.

Статистикаға сүйенсек, «Цифрлық сот орындаушы» іске қосылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін 2,2 млрд теңге сомасына 109 мыңнан астам атқарушылық іс жүргізу басталған, нәтижесінде азаматтар жеке сот орындаушылардың 25% төлемін алып тастау арқылы 550 млн теңге үнемдеді.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Қазақстан цифрландыруда, әсіресе мемлекеттік қызметтер саласында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бірақ бұл – тек алдағы дамудың бастапқы нүктесі. Өзін-өзі қамтамасыз ететін цифрлық экожүйені қалыптастыру үшін сапалы деректер мен олардың сенімді қорғанысын қамтамасыз ететін мықты негіз қажет», – деп атап өтті.

Айта кету керек, «Цифрлық нотариат» енгізілгеннен бері Қазақстан азаматтары нотариусқа бармай-ақ 200 мыңға жуық сенімхат пен 70 мың жұбайының келісімін заңды түрде рәсімдеді.

Әділет министрлігі Нотариалдық палатамен бірлесіп, сенімхаттар, кеңестер мен жұбайының келісімі сияқты бірқатар нотариаттық қызметтерді онлайн форматқа көшірді. Енді азаматтар нотариусқа бармай-ақ, бейнеқоңырау арқылы осы қызметтерді онлайн форматта ала алады. Барлық рәсімделген құжаттар «Цифрлық құжаттар» сервисінде көрсетіледі.

Клиентті сәйкестендіру биометриялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады, бұл ұқсас келбетті тұлғаларды қате анықтау қаупін жояды. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында клиент қосымша түрде SMS-код және ЭЦҚ арқылы екі факторлы аутентификациядан өтеді.

Балаим КЕСЕБАЕВА,
Алматы қаласы
Әділет департаментінің
басшысы

Қазақстанда құқықтық қызмет көрсетуде жасанды интеллектінің, цифрлық сот орындаушысының және цифрлық нотариаттың енгізілуі елдің құқықтық жүйесін цифрландыруда үлкен қадам жасағанын көрсетеді. Цифрлық технологиялар құқықтық саланың барынша қолжетімді әрі ашық болуына ықпал етіп, елдің дамуына оң әсерін тигізетін болады.

ПОЭЗИЯ КЕШІ

МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай Атырау облыстық сотының мамандары арасында «Ғасыр ақыны» сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа қатысушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан жарысты.

Доданың әділ қазылар мүшесі құрамында Атырау облыстық сотының судьялары Сағат Хасан, Алтынай Серикова, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Махамбет Өтемісұлы атындағы академиялық қазақ драма театрының әртісі Сәбит Қожабеков, «Елсана» руханият-патриоттық қауымдастығының өкілі Мейрамгуль Уразгалиева болды. Әділ қазы мүшелері іс-шараның маңыздылығын атап өтіп, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сайыс 2 кезеңнен тұрды: 1-сатыда сот мамандары ақынның өмірі мен шығармашылық жолын баяндайтын ұжымдық көрініс қоюдан бәйгеге түсті. Ал 2-сатыда мамандар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан өз қабілеттерін көрсетті.

Алғашқы сайыс қорытындысы бойынша I орынды Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының ұжымы, II орынды Атырау облысы Мақат аудандық сотының ұжымы, III орынды Атырау қаласы №2 сотының ұжымы иеленді.

Екінші сайыс қорытындысы бойынша I орынды Атырау қалалық соты әкімшісінің жетекші маманы Айсұлу Қаныбекова, II орынды Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің бас маманы Алтынай Оспанова, III орынды Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жетекші маманы Мария Толстова иеленді.

Жеңімпаздарға диплом және естелік сыйлықтар табысталды.

Атырау облыстық сотының
баспасөз қызметі

КИЕ

СЕНЕРІМІЗ – САУАТТЫ ҰРПАҚ

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы.

Мемлекеттік тіл – еліміздің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатындықтан, жүргізетін барлық іс-қағаздар мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да – сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ол дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ қалыптастыру. Ал ана тілін жақсы біліп, тіл байлығын мол қолданбайынша, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, шын мәнінде мәдениетті адам бола алмайсың.

А.МЕДИЕВ,
Маңғыстау облысы қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

БАҒА ЖЕТПЕС МҰРА

Тіл – әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Қазақ тілі атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

Әр адам өзінің ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс. Туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың абзал борышы.

Ұлт мәдениетінің гүлденуі мен болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезден басталуы тиіс. Айналаңды танып білу, туған тіліңді білуден тамыр алады. Шындығында, мемлекеттік тілде сөйлеу, жазу, оның шұрайлы тілін, қуатты күшін жете білу – біздің парызымыз.

А.ЕРГАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ОРТАҚ МІНДЕТ

Конституцияда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Мемлекеттік тіл – елдің егемендігінің айқын көрінісі ғана емес, сонымен қатар құқықтық жүйенің, оның ішінде сот төрелігінің маңызды құралы.

Әрбір азаматтың сот төрелігіне еркін және тең дәрежеде қол жеткізуі құқықтық мемлекеттің негізгі қағидатының бірі. Бұл құқықтың толыққанды жүзеге асуы сот ісінің мемлекеттік тілде жүргізілуімен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінде сот төрелігін мемлекеттік тілде жүргізуге қатысты нақты талаптар белгіленген. Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс нормаларына сәйкес, сот ісі негізінен мемлекеттік тілде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда, сот өндірісінде басқа тілдер де қолданылады. Бұл нормалар азаматтардың сот төрелігіне мемлекеттік тілде толыққанды қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекеттік тіл – сот төрелігінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз етудің кепілі. Оның толыққанды қолданылуы азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауға ықпал етеді. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту – құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Нұржамал ЕРНИЯЗОВА,
Шалқар аудандық соты
әкімшісінің басшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгіні және болашағы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.

Әрбір елдің қуатты күші, байлықғы мен бақыты экономикалық, саяси-әлеуметтік даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен айқындалады. Ал мәдени мұра, рухани талғам тікелей тілге тәуелді екені белгілі. Халықтың сақталуы да тілге тәуелді. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік отбасынан тамыр алуы керек.

Тіл – халықтың алтын діңгегі. Өзін-өзі білетін әр халық алдымен өзінің туған тілін сыйлап, мақтан тұта білуі керек. Өйткені халықтың даналығы, жырлары, шежіресі сол халықтың тілінде жазылады. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі екенін естен шығармайық.

Д.КУКБЕСТИНОВА,
Алға аудандық соты әкімшісінің
жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АЛАҢ ЖҰРТ

АРАЛДЫҢ АХУАЛЫ ҚАЙТСЕ ТҮЗЕЛМЕК?

50-60 жылдардан бері қарай табаны тартылған Арал теңізінің қазіргі жағдайы түсінікті. Бір уақытта 30-ға жуық түрлі балығы болған су айдынынан бүгінде ауланатыны 15-тен аспайды. Дегенмен Аралдың әлі де берері жоқ емес. Қазір бастауын Сырдария өзенінен алатын теңізден несібесін теріп жүргендер жеткілікті. Бірақ бұрынғы теңізді толтырудан бөлек, елдің балықшылық ата кәсібін ары қарай жалғастыруына мұрындық болар қандай жұмыстар бар? Әрі мұндағы экологиялық ахуалды болдырмау үшін құрғаған теңіз табанынан ұшқан тұз бен шаңды топырақтың жолын қалай бөгейміз? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

Көршілерден қалғаны...

Теңіз суының біршама толысуына әсер еткен бір игі іс бар. Ол – «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қарқынды болмаған балықшылық осыдан кейін ілгерілегені рас. Сол кезде 400 тонна ғана ауланып келген балық көлемі 20 есеге өсіп, бүгінде 7-8 мың тоннаға жетіп отыр. Қазір мұндағы тұрғындар теңізден ақбалық, сазан, мөңке, тісті шабақ, дөңмаңдай, шортан, торта мен тыран аулап кәсіп қылуда.

Сол «САРАТС» жобасынан кейін Кіші Арал деген атпен белгілі болған су айдыны бұрынғы шалқыған Арал теңізінің солтүстік бөлігі болып саналады. 2005 жылы Солтүстік Арал теңізін, дұрысы, Кіші Аралды оңтүстіктен бөліп тұрған «Көкарал» бөгетінің құрылысы аяқталған еді. Бұл теңіз деңгейін көтеріп, аймақтың экологиялық жағдайын жақсартты. Бөгет іске қосылғалы Сырдария өзенінен Кіші Аралға 48 млрд м3 су түскен.

Жалпы, Сырдария өзенімен бізге келетін су көлемі көрші мемлекеттерге тікелей байланысты. Ашығын айту керек, дарияны олар көп пайдаланады. Солардан артылғаны бізге жететіні өтірік емес. Су мамандарының сөзінше, кейінгі уақытта жоғарыдан келетін су мөлшері түскендіктен теңіз суы 27 млрд м3-ден 18,5 млрд м3-ге дейін азайыпты. Бұл ретте Сырдария өзені ағынының 75%-ы Қырғызстанда, 20%-ы Өзбекстанда, қалған бес пайызы ғана Қазақстанда жүретіні анық көрініпақ тұр. Көршілерден қалғаны осы.

«Министрліктің негізгі мақсатының бірі – Солтүстік Арал теңізіндегі су деңгейінің қалыпты болуын қамтамасыз ету. Өткен жылы Солтүстік Арал теңізіне Сырдария өзені арнасымен 2,6 млрд м3-ден астам су жіберілді, бүгінгі күні ондағы су көлемі 22,3 млрд м3-ге жетті. Былтыр Солтүстік Аралға су тұрақты түрде түсті. Суару кезеңінің ортасында Сырдария өзені арқылы теңізге секундына 80 текше метрге дейін су барды. Ал 2023 жылы вегетациялық кезеңде бұл шамамен секундына 6 текше метр ғана болған. Жалпы вегетациялық кезеңде теңізге 977 млн м3 су түсті», – дейді ҚР СРИМ Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті су ресурстарын пайдалануды реттеу басқармасының бас сарапшысы Ғалымжан Қамбарбеков.

Қордан қолдау бола ма?

Қазақстан былтырдан бастап Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың соңына дейін ХАҚҚ Президенті болып сайланып, енді аталған ұйымды үш жыл басқарады. Жалпы қордың мақсаты – теңізді құтқару және өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту, сондай-ақ жалпы әлеуметтік-экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған бірлескен мемлекетаралық экологиялық және ғылыми-практикалық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру.

Былтыр 18 қыркүйекте Астанада ХАҚҚ басқармасының кезекті отырысы өтті. Отырыста Қазақстанның 2024–2026 жылдарға төрағалық ету кезеңіне ХАҚҚ атқарушы комитетінің жұмыс жоспары бекітілген. Мұның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның су мәселелеріне жетекшілік ететін Үкімет басшыларының орынбасарлары кірген еді.

«Бүгінде Су ресурстары және ирригация министрлігі Қызылорда облысында «Көкарал» бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің атырабын қалпына келтіру» жобасымен айналысуда. Яғни, Арал теңізін сумен қамтамасыз ету және халықтың тұрмыс-тіршілігінің жайлылығы мен әл-ауқатын жақсарту арқылы Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Арал ауданында балық шаруашылығының тұрақты дамуы іске асырылады», – дейді бас сарапшы Ғалымжан Мұратұлы.

Сонымен қатар, министрлік Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, грант қаражаты есебінен «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауда. Бұл жобаның 3 негізгі компоненті бар. Соның екеуі Қызылорда облысында тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметті қолдауға арналған.

Мұндағы екінші компоненттің бес бағыты бар. Олар балық шаруашылығы, туризм, жасыл белдеу құру, егін және мал шаруашылығы саласы болып отыр. Осы бойынша 39 жоба енгізілген. Оның 13-ін Халықаралық «Аралды құтқару қорының» атқарушы дирекциясы, 13-ін жергілікті әкімдіктер, 4 жобаны Балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу орталығының Арал филиалы, 3 жобаны Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, 6 жобаны әртүрлі ұйым, жеке тұлғалар ұсынған. Бұлар іске асса 1927 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деп жоспарланған.

Аралдың тұзы Антрактидадан табылған...

Жалпы тартылған теңіздің мәселесі жалғыз Қазақстан емес, бүкіл әлемге қауіп төндіруде. Теңіз табанынан ұшқан құмды дауыл тонналаған уытты тұз бен шаң-тозаңды ауаға таратып, барлық тіршілікке кері әсерін тигізіп отыр. Мысалы, құрғаған ұлтаннан ұшқан құмды дауылдың ұзындығы – 400, көлденеңінен – 40 шақырымды алады. Ал радиусі – 300 шақырым. Тіпті жыл сайын 75 млн тоннаға дейін көтерілген шаң мен улы тұз Еуропа мен Антарктидадан табылыпты.

Экологиялық ахуалға алаңдаған Мемлекет басшысы Арал теңізінің құрғаған табанына 1,1 млн гектар орман екпелерін отырғызу жайлы тапсырма берген еді. 2021 жылы басталған жоба биыл бітуі тиіс. Осы орайда 2021 жылдан бастап өткен жылдың соңына дейін жалпы көлемі 672 мың гектардан астам жерге орман мелиорациялық жұмыстары жүргізілген. Яғни, шөлге төзімді сексеуіл көшеттері отырғызылып, галофитті өсімдіктер тұқымы себіліпті. Сондай-ақ сексеуілдің табиғи өсуі бойынша да қосымша жұмыстар атқарылған.

«Президент тапсырмасымен қыруар жұмыс жүріп жатыр. Мысалы, 2021 жылы аумағы 101 мың гектар жерге орман мелиорациялық екпе жұмыстары жүрді. Ал дәл осындай сексеуіл көшетін отырғызу, галофитті өсімдіктер тұқымын себу жұмыстары 2022 жылы 250 мың, ал 2023 жылы 193 мың гектар жерді қамтыды. Бұл жұмыстар былтыр 128 мың гектарға жуық жерге дейін орындалды», – дейді Қызылорда орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы М.Нұрмағамбетов.

Инспекция басшысы биыл 428 мың гектарға жуық жерге мелиорациялық жұмыстар жүретінін айтып отыр. Дұрысы, құрғаған теңіздің табанын көгалдандыру әлі де тоқтамайды.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

РУХАНИЯТ

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ АҚЫНМЕН КЕЗДЕСТІ

Батыс Қазақстан облыстық Полиция департаментінде өңірдің ардақты ақын-қаламгері, журналист, Ақ Жайық өңірінің гимніне айналған «Ақжайығым – ару мекенім» әнінің авторы Закария Сисенғалимен ерекше кездесу өтті.

Жаңақала аудандық полиция бөлімі бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция майоры Ердәулет Бисенғалиевтің ұсынуымен өткен кездесуге БҚО ПД басшылығы мен ардагерлер кеңесі, тәртіп сақшылары қатысты. Қаламгер полиция қызметкерлерін рухани тұрғыдан бай болуға, елін, жерін жан-жүрегімен сүюге үндей отырып, өзінің шығармашылық жолымен таныстырды. Шабыттың жүйрік тұлпарын тізгіндеген ақын кеш барысында тыңдармандарына өз өлеңдерін оқып, өнер мен мәдениеттің маңызы туралы ойымен бөлісті.

Кештің соңында Закария Жүсіпқалиұлы өзінің авторлық «Сөйлейді уақыт» жинағын БҚО Полиция департаментінің музей қорына сыйға тартты. Шара барысында БҚО ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Нұрмахан Тоғайбайұлы ақынға ерекше құрмет көрсетіп, шапан жауып, ұжым атынан ақ тілегін арнады. Осынау кездесу өңірдің мәдени және рухани өміріне жаңа серпін беріп, полиция қызметкерлерінің патриоттық сезімін арттыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БІР МҮДДЕ

АДАЛДЫҚ, ӘДІЛДІК, АШЫҚТЫҚ

Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Әрбір мемлекеттік қызметші осы қағиданы ұмытпауы тиіс. Халыққа жақын әрі кез келген жағдайда әділ болулары қажет. Олар елдің мүддесін бірінші орынға қойып, тез әрі дұрыс шешім қабылдай алуы міндетті. Себебі, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы тікелей мемлекеттік қызметке байланысты. Нақты айтатын болсақ, ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – жауапты міндет. Өйткені, ол қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді. Жалпы мемлекеттік қызмет жауапты міндеттер жүктейтін, абыройлы лауазым болып табылады.

Бүгінде әрбір арнайы-орта және жоғары білімі бар жас мамандарға мемлекеттік қызметке келу үшін оңтайлы жағдай жасалған. Бұл қызмет түрі үміткерден небәрі жеткілікті білімді, құқықтық сауаттылықты, өнегелі тәртіпті, адалдық пен ар-намыс тазалығын талап етеді. Сол себепті де мемлекеттік қызметкерлердің өзіндік заңмен қаралған әдебі де бар. Оны «Әдеп кодексі» деп атайды. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мынадай қағидаттарға негізделеді: Ол, адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету. Әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу. Ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету. Әрине, ең бастысы – сыпайылық. Бұл дегеніміз, азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау.

Мемлекеттік қызметші үшін саналы жаңғырудағы іргелі қағидаттың бірі – мемлекеттік қызметке кіру кезінде беретін антқа адалдық.

А.КУГЕНБАЕВА,
Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

2025 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне (ҚАЖД) қарасты 5 мекемедегі еңбекке жарамды соталғандардың саны – 1406. Былтырғы сәйкес кезеңде олардың саны 1722 адамды құраған болатын.

СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ 70 ПАЙЫЗДАН АСТАМЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

ҚАЖД бастығының міндетін атқарушы Ерлан Оразгелдиевтің айтуынша, биыл еңбекке жарамды сотталғандардың 985-і жұмыспен қамтылып отыр. 2024 жылғы қаңтарда 1096-ны құраған. Биыл ондағы пайыздық көрсеткіш 64-тен 70,1 пайызға ұлғайды. Жұмыспен қамтылғандардың 845-і «Еңбек-Тараз» филиалында және кіші және орта бизнес өкілдерінде (2024ж. – 940), 140-ы мекеменің шаруашылық қызметінде (2024ж-156);

«Сотталғандарды сапалы еңбекпен қамтамасыз ету үшін кәсіби дайындау жұмысы ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 123-бабына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру, тузеу мекемелерінде кәсіби білімі жоқ сотталғандарға техникалық кәсіптік білім беру және кәсіптік даярлау ұйымдастырылып, жүргізілуде. 2023–2024 оқу жылында ҚАЖ мекемелері жанындағы № 15 колледжінде 5 (токарлық іс, пісіру ісі, электрмен қамтамасыз ету, жиһаз өндірісі, ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану) мамандығы бойынша 361 сотталған білім алуда. Атап айтқанда: 25-мекемеде – 81 (3 мамандық бойынша); 58-мекемеде – 190 (5 мамандық бойынша); 59-мекемеде – 90 (3 мамандық бойынша) сотталған», – дейді әділет подполковнигі Е. Оразгелдиев.

Ерлан Ділдәбекұлының сөзіне қарағанда, жұмыспен қамтылған еңбекке жарамды сотталғандардың үлесі №26 пен №67 мекемелерде 100 пайыз болса, №59 мекемеде 84,4 пайыз; №25 мекемеде 64,8 пайыз, №58 мекемеде 57,4 пайызды құрайды.

Мекемелердің өндіріс аумағында «Еңбек-Тараз» РМК филиалы тарапынан бос тұрған өндірістік үй-жайлар мен ғимараттарды кіші және орта бизнес кәсіпкерлеріне сенімді басқаруға беріп, сотталғандар үшін қосымша жұмыс орындарын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде бүгінгі күнге 22 жеке кәсіпкер мекеменің ішкі аумағында және қала ішінде 3 жеке кәсіпкер өз жұмысын атқаруда. Атап айтқанда: №26 мекемеде – 3, №25 пен №59 мекемеде жеті-жетіден; №58 мекемеде – 8 жеке кәсіпкер жұмыспен қамтып отыр. Мекеме аумағында жұмыс істейтін орта және кіші бизнес өкілдеріне мекемеде өз кәсіптерін ашып жұмыс жасау тиімділігі көп.

Атап айтқанда: арендалық төлем жоқ; жұмыс орындарында бейнебақылау камералары орнатылған, тәуліктік бақылау; жұмыс күшінің көптігі; мекеме тарапынан жұмысшыларды жұмыс орындарында бақылау, 3 мезгіл тамақтандыру, кадрлық резерв дайындау.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ!

ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТПАЙДЫ

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы Қылмыстық кодекстің 6-тарауында көзделген. Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

Жәнібек СЕЙТЖАПАРОВ, Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

ҚК-нің 81-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандарға

1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
2) айыппұл;
3) түзеу жұмыстары;
4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
5) бас бостандығын шектеу;
6) бас бостандығынан айыру жазалары тағайындалады.

Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің бестен жүзге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Түзеу жұмыстары дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға АЕК-тің бестен жүзге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту он сағаттан жетпіс бес сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы – күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу – екі жылға дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру – он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Кәмелетке толмаған сотталғандар бас бостандығынан айыруды кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтейді.

ҚК-нің 82-бабына сәйкес, кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау кезінде, осы кодекстің 52-бабында көзделген мән-жайлардан басқа, оның өмірі мен тәрбиесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы жағынан үлкен адамдардың ықпалы ескеріледі. Кәмелетке толмаған жас жеңілдететін мән-жай ретінде басқа да жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлармен жиынтықта ескеріледі.

Ал, ҚК-нің 83-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Кәмелетке толмаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылған кезде оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды ҚК-нің 68-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайларда, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

ПАЙЫМ

Сот төрелігін әділ жүргізу, сот шешімдерінің сапасын көтеру соңғы жылдары елімізде ерекше екпінмен айтылып жүрген мәселенің бірі. Басты мақсат – сот төрелігіне сенімді арттыру, сот төрелігінің әділдігін, оның жауапкершілігі мен тәуелсіздігін, сот шешімдерінің жоғары сапасын және судьялардың біліктілігін арттыру арқылы құқық үстемдігін қамтамасыз ету.

СОТ АКТІЛЕРІНІҢ САПАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Қарапайым халық сот жұмысын қалай бағалайды? Сот шешімдерінің сапасы соттың бірінші сатысында шығарылған шешімдердің өзгермей, сол күйінде қалуымен бағалана ма? Жалпы, сот жұмысын қадағалайтын, оның жұмысына баға беретін орган бар ма?

Заң бойынша сот жұмысын қадағалайтын орган жоқ. Өйткені ол тәуелсіздік принципіне қайшы келеді. Нақты қандай да бір іс бойынша шешім шығарған кезде судья тәуелсіз болады. Ал жалпы соттың жұмысына келетін болсақ, оны өзінен жоғары тұрған орган ғана қадағалай алады. Мысалы, бірінші сатыдағы сот шешімдерін облыстық сот қадағалайды. Облыстық соттың шешімдерін Жоғарғы Сот қарайды. Ал басқалай сот жұмысын сырттай қадағалайтын орган жоқ. Логикаға салсақ, бірінші сатыдағы соттың шешімі апелляцияда өзгеріссіз қалдырылса, өзгертілмесе, ол шешімнің заңға сәйкес, дұрыс қабылданғаны деуге болады. Заң дұрыс қолданылмаса немесе қате қолданған сапасы жоқ шешім болса, ол апелляция немесе кассациямен өзгертіледі, немесе шешім күшін жояды. Сот жұмысының сапа көрсеткіші осы, басқа көрсеткіш жоқ.

Сот актісіне ресми құжат сипатын беретін оның құрылымдық элементтері мен деректемелерін жазу, тілі мен стиліне қойылатын бірқатар талаптар сақталуы қажет. Ал олардың құрылымдық бөліктерін қалыптастыратын құқық нормаларына және тілдік норма деңгейлеріне сай жазылуы тиіс. Сөз мәнін дұрыс түсінбеу, орынсыз пайдалану заң тілі мен стилінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Осы тұрғыда, сот актілерінің жобаларын әзірлеу барысында олардың сапасына аса көңіл бөліп, әсіресе мемлекеттік тілдегі сот актісінің нұсқасын әзірлеудің әдістемесін жетілдіру қажет. Сонымен, мемлекеттік тіл нормалары құқықтық материалды дұрыс құрылымдауды, акт мәтінін түсінікті, анық, дәл, дұрыс жазуды қамтамасыз ете отырып, заң тілі мен стилі талаптарын сақтаудың техникасын жетілдірудің қажетті тәсілі болып табылады.

А.БОРАШЕВА, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

СЕМИНАР

АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

Арал аудандық сотында сот төрағасы Р.Алдамбергеновтің төрағалық етуімен семинар өтті. Онда татуластыру рәсімдерін дамыту мәселелері және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселелері талқыланды.

Шараға аудандық соттың судьялары, заң консультациясының адвокаттары қатысты. Р.Алдамбергенов шараны ашып, сотқа дейінгі татуластыру рәсімдері бойынша медиация, татуласу келісімдері және партисипативтік рәсім секілді дауларды реттеудің баламалы тәсілдерінің ерекшеліктері мен артықшылықтарына тоқталды. Баламалы тәсілдер тараптардың татуласуына, олардың арасындағы шиеленіс деңгейін төмендетуге, осылайша қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын күшейтуге, қоғамның сот пен заңға деген құрметін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігін айтты. Партисипативтік рәсімдерді қолдану аясын кеңейтуге, тараптар арасындағы дауды партисипативтік рәсіммен аяқтауға судьялармен қатар, адвокаттардың да белсенділік танытуы керектігін тілге тиек етті.

Сондай-ақ, мемлекеттік тілдің рөлі мен маңыздылығына тоқталып, сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолданудың дамуы мен сапасына, сот отырысы қатысушыларының сот ісін жүргізу тілін таңдау құқығының сақталуына назар аударды. Семинар барысында көтерілген тақырыптар аясында баяндамалар тыңдалды. Бұдан соң шараға қатысушылар татуластыру рәсімдерін дамытуға қатысты сындарлы пікір алмасып, құқықты қолдануда туындауы мүмкін деген өзге де мәселелерді талқылады.

Арал аудандық соты
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖАРИЯ СОТ ОТЫРЫСЫ

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ЖЫМҚЫРУ – ҚЫЛМЫС

Степногорск қалалық соты бюджет қаражатын жымқырғаны туралы қылмыстық іс бойынша жария сот отырысын өткізді.

Үкімді жария етуге жергілікті әкімдік өкілдері, ТКШ бөлімі ұжымының қызметкерлері қатыстырылды. Жария сот отырысы құқық бұзушылықтардың алдын алу және заңды бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескерту мақсатында ұйымдастырылды.

Сот үкімімен Степногорск қаласының ТКШ бөлімінің бухгалтер маманы С. 6 жыл, ал оның көмекшісі А. - 5 жыл бас бостандығынан айырылып, әрқайсысына мемлекеттік қызметте өмір бойы қызметінен айыру жазасы тағайындалды. Сот сотталғандардың екеуінен де келтірілген материалдық залалды өндіріп алды. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Сотта анықталғандай, 2020 жылдан 2023 жылға дейін С. өзінің танысы А. мен жұбайының ЖК және ЖШС шоттарына нақты орындалмаған жұмыстар үшін бюджет қаражатын аударып отырған. Заңсыз аударылған ақшаның жалпы сомасы 43 млн теңгеден асты. Осылайша, С. қызмет бабын пайдалана отырып, А.-мен сөз байласу арқылы адамдар тобында алаяқтық жолымен бюджет қаражатын бірнеше рет ұрлап, аса ірі мөлшерде мемлекетке материалдық залал келтірді (ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағы). А. қылмыс жасауға көмектескен (ҚК-нің 28-бабының 5-бөлігі, 190-бабы 3-бөлігінің 1,4-тармақтары).

Степногорск қалалық соты
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ПІКІР

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ АЙЫПТАЛАДЫ

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрі Қазақстанда қатаң айыпталады және оған қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

2009 жылы елде гендерлік саясат саласында екі маңызды құжат қабылданды. «Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңдар қабылданды. Бұл заңдар кейінгі жылдары да жетілдіріліп, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

1998 жылдан бастап ҚР Президентінің жанындағы Отбасы және іскер әйелдер істері жөніндегі комиссия құрылды.

Бұл комиссия қызметтің негізгі төрт бағыты бойынша жұмыс істейді: әйелдерді саяси ілгерілету әйелдердің экономикалық дамуы әйелдер мен олардың отбасыларының денсаулығын жақсарту әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою.

Қазақстан Республикасының тұрмыстық зомбылық профилактикасы туралы заңнамасы ел Конституциясына негізделген. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мына принциптерге негізделеді:

- заңдылық;
- адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін сақтауға кепіл беру;
- физикалық және психологиялық зорлық-зомбылыққа жол бермеу;
- отбасын қолдау және сақтау;
- құпиялылық.

Қазақстан Республикасында отбасын қолдау орталықтары, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына

Гүлден АНУАРБЕКОВА, Риддер қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

көмек көрсететін ұйымдар, байланыс орталықтары жұмыс істейді. Психологиялық, педагогикалық, медициналық, заңгерлік көмек алуға болады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

ӘДЕПТЕН ОЗБАЙЫҚ!

Мемлекеттік қызмет – абыройлы міндет. Мемқызметшілер кәсібилігімен қатар, халықпен қарым-қатынаста олардың әдептілігі де маңызды. Өйткені мемлекеттік қызметтің басты мақсат-міндеті – тұрғындарға адал қызмет көрсету және еліміздің ұлттық мүддесін тиімді қорғай білу.

Батыс Қазақстан облысында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстық департаменті Әдеп жөніндегі кеңестің отырыстарын жиі ұйымдастырады. Басқосуда лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік істер заңбұзушылықтар қаралуда. Басшылық қызметтегі кей лауазымды тұлғалардың жат қылық, яғни, мас күйде көлік жүргізгені, жол жүру ережелерін бұзғаны, қызметтік этикаға жатпайтын дөрекі мінез-құлық көрсететін жағдайлары баяндалады. Мәселен, былтыр ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі БҚО бойынша департаменті мемқызмет саласында 88 тексеріс жүргізіп, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың 1696 бұзушылығын анықтаған. Сондай-ақ былтырғы 4-тоқсанда ғана өңірдегі 131 мемлекеттік қызметші түрлі тәртіптік жазаға тартылған. Оның 47-сі басшы лауазымын атқаратындар болса, 84-і өзге мемлекеттік лауазымдағы тұлғалар. Бұл цифрлық деректер мемлекеттік қызметті арқалаған азаматтардың адал, әділ, қарапайым болу қажеттігін тағы бір мәрте еске түсіреді. Сондай-ақ, мемқызметші жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиіс. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби «Әдептілік – әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы» деген екен. Шынында, адамның мәдениеті жоғары болған сайын оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы да беки түседі. Бұл тұста мемлекеттік қызметші де жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауда, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіруде қызметтік әдеп нормаларын сақтауы маңызды.

А.САҒЫНДЫКОВА, Орал қаласы №2 сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АСЫЛ ҚАЗЫНА

Елімізде тіл мәселесі Тәуелсіздік алған жылдардан бері өзекті болып келеді. Қазақ тілінің қоғам үшін нағыз қажетті тілге айналуы үшін көптеген шаралар жасалып жатыр.

ҚАЖЕТТІЛІК АРТСА ҚОЛДАНЫС КЕҢЕЙЕДІ

Сарапшылар қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі артып келе жатқанымен, қолданылу аясына қатысты мәселелер бар екенін айтады. Демек, алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру қажеттілігі сезіліп отыр. Осы орайда айта кетер жайт, көп жағдайда қазақ тіліндегі ақпараттардың түсініксіздігі, қолжетімсіздігі, қолданыс аясының төмендігі халықтың мүмкіндігінше орыс тілінде білім алып, ресми тілде сөйлеуіне ықпал етіп жатады.

Сондықтан алдағы уақытта халықтың қазақ тіліндегі ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, қазақ тілді контенттердің де сапасын көтеру міндеті тұр. Көп жағдайда қазақ тіліндегі халыққа ұсынылатын келісімшарттардың, құжаттардың қазақ тіліндегі аудармасының талапқа сай болмауы қазақстандықтарды өз тілінен өзі жеруіне ықпал етіп отыр.

Мамандар қазіргі уақытта қазақ тілін көпшіліктің қолданыс тіліне айналдыруы үшін мемлекеттік тілдегі ақпараттардың мол болуына ғана емес, сапалы болуына назар аударуға шақырып отыр. Бірнеше жылдан бері еліміздің сот отырыстарында да қазақ тілі кеңінен қолданылып келеді. Тараптардың тіл білмеуіне қатысты мәселе туындаған жағдайда аудармашы беру немесе талап арызды қай тілде жазса сот отырысын сол тілде өткізу секілді мүмкіндіктердің берілуі халықтың тілге қатысты құқығы бұзылмауын қамтамасыз етіп отыр. Сот саласындағы құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқасының да барынша түсінікті, сапалы дайындалуына жағдай жасалып жатыр.

Егер еліміздің барлық саласы, мемлекеттік органдары еліміздегі қазақ тілді тұрғындардың құқығы бұзылмауына, қазақ тілінің қолданыс аясының өсуіне барынша тырысса алдағы уақытта ана тіліміздің де тұғыры биіктей беретініне сенім мол!

Соңғы жылдары елімізде қазақ тілді мектептер мен балабақшалардың көбеюі де қазақ тілін қолданушылар санын арттырып отыр. Салыстырмалы түрде қарасақ қазақ тіліндегі әншілердің он мыңдаған стадиондарды толтыра алуы да жастардың қазақ тіліне деген ынтасын байқатады. Теледидарда да қазақ тіліндегі бағдарламалардың саны артуы, мемлекеттік органдардың құжаттарын қазақшалай бастауы жалпы қоғамның қазақ тіліне деген бетбұрысын байқатады. Демек алдағы уақытта тіл мәселесі шешілер деген үміт зор!

Жандос САТАНОВ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ӘРТҮРЛІ

10. Алматы облысы Қарасай аудандық сотында Орманов Александр Робертовичтің (30.01.1975 ж.т.) Өзбек КСР-інде туған Орманов Роберт Жақсыбаевичті қайтыс болды деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қаралуда. Орналасқан жері: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Көксай ауылы, Жас Ұлан көшесі, 25. Орманов Роберт Жақсыбаевич туралы қандай да бір мәліметі бар азаматтар болса сотқа немесе 87089117407 нөміріне хабарласуын сұраймыз.

11. Алматы қаласы Жетісу аудандық сотында Климива Елена Геннадьевнаның өтініші негізінде 1981 жылғы 17 қазанда туған Исыпов Андрей Юрьевичті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қаралуда. Бұрынғы тұрғылықты мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Матросова көшесі, 133-үй.

Исыпов Андрей Юрьевич туралы қандай да бір мәлімет білетін азаматтардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Жетісу аудандық сотына хабарласуын сұраймыз. Мекенжай: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 286. Байланыс телефондары: 3331276, 87479585476.

15. Қостанай облысының СМЭ сотының 2025 жылғы 11 ақпандағы анықтамасына сәйкес «Аягөз» ЖШС-не (БСН 990440006929, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қособа ауылы) оңалту рәсімі бойынша іс қозғалды. Өтініштер Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 70-үй мекенжайы бойынша қабылданады.

26. «Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі - Серіктестік), (Атқарушы органның орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протозанов атындағы көше, 121) Серіктестік Басқармасының шешімі негізінде 2025 жылғы 19 наурызда11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабына сәйкес «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларын хабардар етеді.

Қатысушыларды тіркеу 2025 жылғы 19 наурызда жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2025 жылғы 18 наурыздағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Жиналысты, сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48-баптарымен реттеледі.

Күн тәртібі:

2024 жылғы «Шығыстүстімет» ЖШС қаржылық есептілігін бекіту;

«Шығыстүстімет» ЖШС қызметінің қорытындылары бойынша таза табысты үлестіру.

Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2025 жылғы 30 сәуірде 11 сағат 00 минутта.

Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

27. Қарағанды қаласы Казыбек би ауданының №2 аудандық сотында Шляпин Сергей Владимировичтің (20.06.1971 жылы туған, мекенжайы: Қарағанды қаласы Қ. Аманжолов көшесі, 23-үй, 32-пәтер) - өлімін растау үшін Лю-Дян-Ян Анастасия Сергеевнаның арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Жергілікті тұрғындарда Шляпин Сергей Владимирович туралы мәліметтер болса, аудандық сотына бұл туралы жарияланған күннен бастап,3 айдың ішінде хабарласуын сұраймыз. Тел: 87474017873. Анастасия.

ТАРАТУ

5. «Шамс & Камар» ЖШС-нің (БСН 211140007224) 03.02.2025 ж. Хаттамалық шешімімен тарату туралы шешім қабылданды. Шағымдар газетте хабарландыру шыққан күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз каласы, Б.Момышұлы көшесі, 115А үй, пошта индексі 070000, тел. 87779966575.

7. «Атырау облыстық «Ұлттық спорт түрлері» федерациясы» қоғамдық бірлестігі, (БСН 160340010712) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, М.Әуезов даңғылы, 65, тел. 87472170746. Балабаев Ерболат (Федерация маманы).

8. «Казахстанский центр медиации» жеке мекемесі (БСН 111040010507) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 221-үй, 10-кеңсе, тел.87013563562.

9. «Жынгылды-2023» ӨнК (БСН 231040038724) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Жыңғылды ауылы, Құлыш көшесі, 22-үй.

12. Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 5 ақпандағы №20 қаулысына сәйкес «Дом дружбы» района Самар Восточно-Казахстанской области» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 230240030868) таратылуда. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Мекенжайы: ШҚО, Самар ауданы, Самар ауылдық округі, Самар ауылы, Букетов көшесі, 68-үй.

14. «Антехприбор» ЖШС (БСН 100140011396) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Парижской Коммуны көшесі, Декабристов көшесі, 45/26-үй.

17. «Әбілхан24» ЖШС (БСН 240640002195) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы, Жаңа қоныс көшесі, 56-ғимарат. Тел. 8 705 689 35 69.

18. «ҚАРАСАЙ-2020» өндірістік кооперативі (БСН 200840031743) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қызылқайнар ауылдық округі, Жасөркен ауылы, Жасөркен көшесі, 60-үй.

19. «NJK Invest» ЖШС-і (БСН 171040022591) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, М.Ғабдуллин көшесі, 9-үй, 6-пәтер, пошта индексі 160500.

20. «VozoVoz Казахстан» ЖШС (БСН 220340028828) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Серіктестіктің алдында міндеттемелері бар кредиторлар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша өз талаптарын мәлімдей алады: Алматы қаласы, Іле тас жолы, 11-үй., тел. 87717419100.

21. «Аренда СпецТехник» ЖШС (БСН 190940022169) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Орал қаласы, Зачаганск ауылы, Ақсай көшесі, 1-үй, тел. 87752365071.

22. «ABYLMED PREMIUM» ЖШС (БСН 241140014906) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас ықшам ауданы, Амирбеков көшесі, 53-ғимарат, тел. 87088132086.

23. «Rauan-M» ЖШС (БСН 220540047029) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, Өмірзақ ауылы, Рауан тұрғын үй кешені, 583-үй, тел. 87022706380.

24. «АминаФарм» ЖШС (БСН 151040008007) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Семей қаласы, Шмидта, 20, тел. 87051506027.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2024 жылы 8 қарашада қайтыс болған Джолдасов Бахтияр Эркинбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.О. Калдыбаеваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 272. Тел. 8 775 214 68 86.

3. 07.08.2024 жылы қайтыс болған Ыбырайым Сұлтан Бәкірұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

4. 10.02.2025 ж. қайтыс болған Нуртаев Батырхан Калдаровичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты, мұрагерлерін Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, С.Қожанов көшесі, 31-құрылым, нотариус Г.К. Кобегеноваға хабарласуын сұраймыз. Тел. 87012785558.

6. 2025 жылы 28 қаңтарда қайтыс болған Искаков Сакен Габитовичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлерге Қызылорда облыстық нотариаттық аймағының нотариусы Абилова Айгуль Батырхановнаға, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Дінмұхаммед Қонаев көшесі, 26-үй, 15-пәтер, 87051433571 байланыс нөміріне хабарласу қажет.

16. 2024 жылдың 26 желтоқсанында қайтыс болған Кеунимжаев Азамат Даулетбаевичтің және 2025 жылдың 25 қаңтарында қайтыс болған Наурызбаев Парахат Кахармановичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге мына мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Водник-1 ықшам ауданы, №36/11 үйде орналасқан нотариус Г.О. Абылкасымоваға хабарласуларыңызды сұраймын. Тел. 87071378775.

Жамбыл облысының судьялар қауымдастығы мен ардагерлері облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Досымкулов Рашид Жабыковичке әкесі

Жабык Досымкуловтың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады!

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Ұлытау облыстық сотының зейнеткер судьясы

Жұмағұл Нығыметұлы Шөженовтің

дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service»,
Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

СЫНБАС СЕМСЕР

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Темір қасын керіп, сұраулы жүзбен Абылайға қарап қалды. Соны байқап, досы жағдайды қысқаша айтып берді:

– Бұл жантүршігерлік оқиға «Шұбар» элиталық шағын ауданында болған. Сонда тұратын бір бай кәсіпкердің әйелі кездейсоқ өзінің сыныптасы Евлаевты кездестіріп қалады. Анау оған жағдайы жоқ екенін, жұмыссыз жүргенін айтып шағынады. Әйел оны аяп, «біздің отбасымыздың жүргізушісі бол, күйеуіме айтайын» дейді. Күйеуі Мәскеудегі үлкен кәсіпорында акциялары бар ірі кәсіпкер екен. Ол әйелінің ұсынысын қабылдап, Евлаевтың астына су жаңа «Камри-40» көлігін береді. Әлқисса, енді тыңда! Жаңағы кәсіпкердің серіктесі бар екен, сол көпқабатты үй кешенін салу үшін өте қомақты қарыз алған. Бірақ уәде еткен үйді салуға мүмкіндігі болмай, мерзімінде ақшаны қайтара алмай қалады. Кәсіпкер серіктесіне: «Ақшаны қайтар немесе компанияны толық менің атыма жаз, қарыздан құтылған кезде үлесіңді қайтарып аласың» дейді. Анау ақшаны қайтармаудың амалын ойластырады. Осы кезде серіктесінің көзіне нашақорлыққа жақын Евлаев түседі. Оған есірткі беріп, қылмыс жасауға көндіріп, екеуі кәсіпкердің үйіне келеді де, үш, жеті және он жасар үш баласы мен әйелін тамақтарынан бауыздап өлтіріп, үйдегі ақша, алтын-күміс, басқа да қымбат заттарды алып кетеді.

– Қап-ай, ә?

– Осындай айуандық іс бойынша ұстау операциясы ұйымдастырылған еді. Жаңа ғана соның нәтижесін қорытындыладық. Кәсіпкердің серіктесін бірден құрықтағанбыз. Ал Евлаев болса, қашып кетіпті. Қылмысты жасап алып, түк болмағандай Астанада емін-еркін жүрген, өзін ойлап көрші?! Емханалардың біріне барып, қолының жарасын тіктірген. Қонақ үйден бөлме алып, сол жерде банкноттардағы қан іздерін жуып, кептіріп, такси жалдап Қарағандыға жетіп, Мәскеуге, одан ары қарай Грозныйға ұшып кетіпті. Қазақстанның Ресей, Шешенстан, Ингушетия елдерінің құқық қорғау органдарымен байланысып, күдіктіні Ингушетияның Нестеровка деген бекетінен ұстадық.

– Жарайсыңдар! Абылай, сенің құрығың ұзын ғой, Ресейде де көзін мен құлағың бар. Бұл жолы да бәрін жіті ойластырып, операцияны дұрыс ұйымдастырғаның көрініп тұр.

Абылай құқық қорғау саласында әртүрлі басшылық қызметтерде жүрсе де, «оперге» тән сұңғылалығын ешқашан жоғалтқан емес. Ол жас кезінде романтика қуып, жеті жыл әскери-теңіз флотында, сүңгуір қайықта әскери қызметін атқарған. Сондықтан ішкі істер саласына үлкен дайындықпен келді. «Опер мен сүңгуіршінің өзіндік ұқсастығы жоқ емес, екеуі де үлкен жауапкершілікті, кәсіби деңгейді талап етеді» дейтін ол. Жанына жағатын опердің жұмысын таңдағаны да сол. Сондықтан бастықпын демей, өзі де операцияларға шығып кете беретін. Төтенше жағдайлардың алдын алу, рэкет және бопсалауға қарсы күресте қауіп-қатермен бетпе-бет келіп қалса, қаймығуды білмейтін. Бір жерде тыныш отыру оның табиғатында жоқ. Мұны Темір жақсы біледі.

– Есіңде ме, 90-жылдардың басында бір қылмыскерді ұстауға Ресейге барғанымыз?

– Е, ол да жаңағы Евлаев сияқты бір жауыз еді ғой. Тек мынау шынашақтай нашақор, анау физикалық жағдайы мықты, кәсіби спортшы болатын. Әйтеуір көп қиыншылық көріп, әрең әкелгеніміз есімде.

Бұл оқиға христиандардың «Рождество» мерекесі қарсаңында болған. Ол кезде Абылай Алматы қалалық ІІБ тергеу бөлімінің жедел уәкілі болатын. Қастарында Мұқан деген жігіт бар, үшеуіне Ресей территориясына қашып кеткен қылмыскерді ұстап, Қазақстанға әкелу керек деген тапсырма берілді. Абылай мен Мұқан күрестен спорт шеберінен үміткер, Темір болса, қоян-қолтық жекпе-жегінен қара белбеу иегері. Алайда бұл тапсырманы орындауда асқан сақтық танытпаса болмайтын. Қылмыскер туралы ақпаратты дәрежесі үлкен Абылай ғана біліп, қасындағыларға ол туралы тіс жармады.



Қашқынның бокстан спорт шебері, әскери борышын десант бөлімінде атқарған, физикалық дайындығы мықты екенін Мұқан мен Темір Ресейге жеткен кезде бір-ақ естіді. Қаржысы мол алматылық бір кәсіпкердің жеке күзетшісі болып істеген екен. Қожайынымен жанжалдасып, ашу үстінде қолын сілтеп кетіп қалыпты. Іштей кек сақтап, түнгі бірекілердің шамасында Фурманов пен Пастер көшелерінің қиылысында орналасқан қожайынның дүңгіршегіне барады. Сатушы оны кәсіпкердің қасынан көріп жүретін. Былғары күртеше сатып алғысы келетінін айтқан соң, сөзіне сеніп, ішке кіргізеді. Сол кезде қылмыскер әйелді жиырма екі жерден пышақтайды. Қылмыс орнынан ақша, алтын бұйымдармен бірге, сол кезде сән болған былғары күртешені де алып кетеді. Жедел топ қызметкерлерінің айтуынша көп қан жоғалтқан сатушы ауыр халде ауруханаға жеткізілген. Дәрігерлер «қолымыздан келген көмегімізді аямаймыз, бірақ жағдайы өте ауыр» депті.

Қылмыскерді ұстап әкелуге атанған үшеу бесінші қаңтар күні Алматыдан Мәскеуге ұшты. Сол күні қатты боран тұрып, ауа райы күрт бұзылған соң, ұшақ Ақтөбе әуежайына қонуға мәжбүр болған. Күн ашылғанша күтіп, Ақтөбеден Мәскеуге жеткен. Қонақ үй таппай, түн ішінде әуежай маңайындағы вагон бөлмелерден орын алып, сонда түнеп шықты. Ертесінде Мәскеуден Ульяновск қаласына ұшып барып, бірден таксимен Димитровград қаласына жол тартты. Қала іші тым-тырыс, көшеде көлік аз екен. Аппақ қар, ызғарлы суық аса өтімді, нағыз орыстың қысы. Жігіттер мән-жайды білмекке жергілікті милиция бөлімшесіне барса, «02» кезекшілерінен басқа ол жерде ешкім жоқ. Басқарма басшысына хабарласуды өтінгенде, бұлардан қай жерге тоқтайтындарын сұрап алып, өздері қоңырау шалатынын айтқан. Үш жігіт «Черемшан» қонақ үйіне тоқтаған еді. Біраздан кейін сол жерге төрт милиция қызметкері келді. Сөйлесе келе, оларға сөздері жүрмейтініне көздері жеткен. Бұрынғыдай бір мемлекеттің құрамында болмаған соң, орыстар саусағының ұшын да қимылдатқылары келмейтінін анық байқатты.

Қызуқанды Мұқан Абылайға сыбырлап:

– Мыналармен жігітше сөйлеспесе, басқа шығып тұр ғой, – деді.

– Асықпа, – деді Абылай. Әріптестері оны өзара «переговорщик» деп кеткен. Небір қаңқуылы қылмыскер серкелерімен сөйлесіп, тар жерде бір мәмілеге келтіре білетін Абылай диалог құруда психологиялық тәсілдерді аса шебер меңгерген. Ол он минуттай Рождество мерекесі құрметіне ішіп жүрген жартылай мас милиционерлердің тамырын басты. Мұқанның шыдамы жетпей, сыртқа шығып кеткен. Орыстар жағы «Рождествоны атап өтейік» деп арақ сұрады. Абылай Темірге:

– Дүкенге барып кел, – деді.

– Ақша қайтар жолға ғана бар.

Бұларға тапсырманы неғұрлым тезірек орындап, Қазақстанға қайту керек. Қалталарындағы қаражаттың аз екені рас, іссапар үшін төленетін ақшаны «келгеннен кейін аласыңдар» деп бермеген болатын. Абылай «айтқанды орында» деді ыммен. Темір орнынан тұрып, дүкенге кетті. Біраз уақыт өткенде қойындарында бір литр «Распутин» спирті бар, Мұқан екеуі қайта кірді. Әлгіні суға араластырғанда екі шөлмек шықты. Кішігірім дастарқанды жайып жіберіп, жергіліктілермен жұмыстың мән-жайын сол жерде талқылауға кірісті.

– Жігіттер, бізге қылмыскер туралы неғұрлым көбірек ақпарат керек, – деді Абылай.

– Мекенжайын, басқа қажетті ақпараттарды тауып береміз, бірақ өздерің ұстайсыңдар, біз араласпаймыз, – деді орыстар.

– Жақсы онда.

Абылай жергілікті милиционерлердің жағдайын түсінген еді. Әттең, қысқа жіп күрмеуге келмейді. Қазір Қазақстан не, Ресей не, қылмыс серкелерінің дәурені жүріп тұр. Темірдей тегеурін қарапайым милиция қызметкерлерінің алқымынан алып, босанайын деп жұлқынса, қылқындыра түседі. Мереке күндері ешқандай мекеме жұмыс істемейтіні белгілі. Қылмыскер жасырынған мекенжайды анықтау үшін «паспорт үстелінде» істейтін адамды табу керек. Ол болса қала сыртындағы саяжайына кетіп қалыпты. Әйтеуір сәті түсіп, шақыртқанға келе қалды.

Қазақстаннан барған үш жігіт қонақ үйде қоңырау күтті. Бір кезде қылмыскердің шешесімен бірге таңғы асын ішіп отырғаны туралы мәлімет келді. Үшеуі орындарынан атып тұрып, айтылған мекенжайға жедел шығып кетті. Сол маңда қашқынның үйден шығуын күтті.

Фотосуретінен бірден таныған: бұл бойы ұзын, сырт келбеті келіскен, тығыршықтай жігіт еді. Ол аялдамаға қарай аяңдап барып, сол жерден такси тоқтата бастады. Артынан жетіп келген үшеуге жалтақ-жалтақ қарап, әуелде ештеме түсінбей қалған. Мұқан мен Темір екі жағынан ұстай алғанда, лезде төбелес басталып кетті. Күші көп, бұлшық еттері бұлтылдап тұр, оңайлықпен берілетін қарсылас емес. Бір кезде Мұқан оны аяғынан шалып құлатты да, қолына кісен салып үлгерді. Түрлері азиат, «гражданский» киінген біреулер орыстың жігітіне тиісіп жатқанын көрген аялдамадағылар «помогите, убивают» деп айқайға басқан. Осы кезде бұлар тапаншаларын алып шығып: «Бұл – милиция!» деп дауыс берді. Қылмыскер құрықталғанмен, жергілікті оперлар берген жигули машинасының қарасы көріне қоймаған. Орыс әріптестері: «Отыз минут қана уақыттарың бар, бұл қаладан тез кетіңдер, әйтпесе мына жігіттің прокурорлармен де байланысы жақсы, қаладағы басқа спортшылар арасында беделі өте мықты» деп ескерткен. Адамдардың назары өздеріне ауған сайын жандары шығып барады. Қылмыскер болса, тақым астында бұлқынып ол жатыр. 3-4 минут өткен кезде ескі жигулидің қарасы да көрінді-ау. Жүйткіп келіп тоқтай қалғанда, қашқынды ішіне тез салып алып, қазақстандық үш жігіт Димитровградтан Самараға асығыс тартып кетті. Ол кезде Самара мен Тольятти рэкеттің жанып тұрған жері, бүкіл рэкетирлар «Лада» көлігімен жүретін. Жан-жақтан қаумалаған қауіп-қатерден сытылып, әуежайға жетіп келді. Бірақ қырсыққанда, Алматыға билет жоқ екен. Әуежай маңайындағы бір қонақ үйге түнеуге тура келді. Бұл кезде тамаққа ақшалары қалмаған, өздері де әбден қалжыраған. Қылмыскер түнімен ұйықтамай, тордағы арыстандай арпалысып, қашудың амалын іздеп бақты. Сондықтан оның екі қолын темір кереуетке кісендеп қоюға тура келді. Дәретханаға барғанда кісеннің бір жағын Темір өз қолына салып жүрді. Келесі күні билет табылып, аман-есен ұшаққа да отырады-ау. Бір сәт көзден таса қылмай, елге алып келген қылмыскерді Алматының Мәскеу аудандық ішкі істер бөліміне тапсырған. Жігіттер тапсырманы абыроймен орындағандарына риза болып, милиция бөлімінен шығып келе жатқанда, есік алдына үш бірдей иномарка көлігі тоқтай қалды. Ол кезде мұндай көлікті өте ауқаттылар ғана мінетін, иномарка көрсең аузың ашылып қалатын кез. Келгендер ұсталған қылмыскерді көру үшін жеткен бұрынғы қожайын екен. Бөтен ел, бөтен жер демей, рэкет қылмысы өршіп тұрған Ресейге қаймықпай барып, тапсырманы абыроймен орындап келген үш жігітті алпауыт бай, әрине, танымады. Қастарынан алшаңдай басып өте шықты. Қылмыскердің басына миллион тігілгенін бұлар артынан естіген. Бірақ ол миллион кімге бұйырғаны жұмбақ күйінде қалды.

– Жігіттер, аман-есен оралғанымыздың өзі олжа емес пе? – деді Абылай.

– Рас, үйге аман-есен оралғанымызға шүкір.

Үшеуі де үй, бала-шағаны сағынғандарын сол сәтте сезді. Артынан ойлап қараса, Ресей милиционерлері заң жүзінде тапсырмамен барған үш қазаққа қол ұшын беріп, операцияны бірге атқарысуы керек еді. Бірақ ішімдіксіз істі шешкілері келмей, міндеттерін жартылай ғана орындап, қылмыскерді ұстауды өздеріне арта салған. Түрлері олардың азиат нәсілінен екенін «айқайлап айтып» тұр, көшеде біреулер жабылып, қаруларын тартып алып, өздерін атып кетуі де мүмкін еді. Сол сапарда көрген қиыншылықты еске алса, әлі бойлары түршігіп кететін. Бір бұл емес, талай рет оқ пен оттың астында бірге жүрді. Толарсақтан саз кешкен осындай қиын кезеңдер достардың арасын одан сайын жақындата түскен.

– Алматыға аман-есен барып қайт, достым, – деді Абылай. – Ештеме уайымдама, бәрі дұрыс болады. Уақыт тауып, Есілден балық аулаймыз әлі.

– Балық аулағанда демалатыныңды білемін ғой, – деп күлді Темір. – Міндетті түрде барамыз балыққа.

Темір жан жарын, екі ұлын сағынып, Алматыға құстай ұшты. Оңтүстік пен солтүстіктің ауа райы екі бөлек. Басында «Алатау баурайындағы жылы да жайлы қоныстан қысы қақаған аяз, жазы да жайсыздау солтүстікке көшуге отбасым қалай қарайды екен» деп уайымдаған. Оның үстіне, Астанада ешкім құшақ жайып күтіп отырған жоқ, пәтер қиыншылығы тағы бар. Алматыдан барған мемлекеттік қызметкерлердің көпшілігі осындай қолайсыздыққа шыдамай, қайта қайтып жатқанын білетін.

Үй-ішін көріп, мауқын басқан соң АМР базасына барып, қызметкерлерімен жүздесті. Барлық жағдайды түсіндіріп: «Менімен Астанаға бірге баратындарың болса, дайындалыңдар. Бір-екі күнде жолға шығамыз» деген. Алғашқы уақытта оңай болмайтынын, бірақ сол қиындықты жауынгерлік рухпен еңсеру қажет екенін айтты. Он шақты жігіт бірден суырылып шықты. Үй жоқ, жалақы аз екенін білсе де, ештемеге қарамай, отбасыларын Алматыда қалдырып, командирге еріп кетті. Темір жігіттердің бұл шешімін көзсіз ерлікке балап, іштей риза болды. Әріптестері үшін үлкен жауапкершілік сезініп, «қайтсе де жағдайларын жасаймын» деп бекінді.

Астанаға келген соң, Темірді үлкен жұмыс күтіп тұрған. Ол жаңадан арнайы жасақ бөлімін құруға кірісті. Бес жыл бұрын Алматыда қандай қиыншылықтармен бетпе-бет келсе, мұнда да жарғақ құлағы жастыққа тимеді. Өзімен еріп келген жігіттер елордаға келген соң, қауіп-қатерге толы қызметтерін жалғастырған. Қарулы қылмыскерлерді құрықтап, қылмыстық топтарды әшкереледі, есірткі сатып есіргендерге тоқтау салып, кепілге алынған азаматтарды босатты. Аса күрделі тапсырмаларды орындау, күнделікті оқу-жаттығумен шұғылдану, әрине, оңай емес. Жаңа құраманың әуресімен жүргенде, түріне қарасаң үріп ауызға салғандай бір ару келіп:

– Командир сіз бе? – деп сұрады.

– Иә, құлағым сізде.

– Мені қызметке алыңызшы.

– Арнайы жасақ қыздардың қолы емес қой, – деп, командир таңданысын жасырмады.

Анар КАБДУЛЛИНА,
АСТАНА ҚАЛАСЫ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6400 дана
Апталық таралым 12 800 дана

Тапсырыс №23 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31